

## **ОӘБ қызметінің тәртібі, мақсаты және міндеттері**

Өз жұмысында ОӘБ 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім беру» заңын және техникалық, кәсіби, орта білім беруден кейінгі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесті және бағыт бойынша техникалық, кәсіби, орта білім беруден кейінгі оқу-әдістемелік бірлестіктерді жетекшілікке алады.

ОӘБ «0723 Тоқыма (киім, аяқ киім және былғары бұйымдары)» бағыты техникалық және кәсіби орта білім беру ұйымының негізінде жұмыс істейді (әрі - ТЖКБ).

### **1. ОӘБ ісінің тәртібі**

ОӘБ негізгі мақсаты ТЖКБ ұйымдарындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды дамыту мен үйлестіру, оқу үрдісінің мазмұнын өңдеу, оқу әдебиеттері мен оқу құралдарын, ОӘК құрастыру және пікірлеу.

ОӘБ жұмысының негізгі тапсырмасына жататындар:

1) ТЖКБ саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;

2) ТЖКБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын, үлгілік оқу жоспарларын және стандартты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және тексеруге қатысу;

3) Оқу үрдісін ұйымдастыру үшін ТЖКБ нормативті-құқықтық және оқу-әдістемелік құжаттамаларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

4) Сарапталар өткізу, аударылған шетел оқу әдебиеттері мен оқу құралдарына, дайындалған оқу әдебиеттеріне, ТЖКБ білім беру бағдарламаларына, әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі мақсаттағы тест тапсырмаларына пікір жазу;

5) Оқу әдебиеттерін, ОӘК, электронды оқулықтарды сынақтан өткізу;

6) ТЖКБ ұйымдарында қолдануға қажетті ұсынылатын оқу әдебиеттерінің, әдістемелік құралдардың, ОӘК тізімін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

7) Білім берудің инновациялық технологияларын енгізудің озық тәжірибелерін жалпылау және тарату;

8) Кредиттік оқыту технологиясы мен дуалды оқыту жүйесін енгізу тәжірибесін талдау;

9) ТЖКБ ұйымдарының өзара жұмысы мен қызметін үйлестіруді жүзеге асыру, ОӘБ бағытына сәйкес ТЖКБ мамандығы бойынша жетекші кадрларды дайындау.

ОӘБ келесі қызметтерді атқарады:

1) ТЖКБ жүйесіндегі нормативті-құқықтық құжаттар жүйесін толықтырып, өзгерістер жасауға ұсыныстар енгізеді;

2) Үлгілі оқу бағдарламаларының мазмұнын жақсартуға және өңдеуге, ТЖКБ білім беру бағдарламаларына ұсыныстар енгізеді;

3) ТЖКБ оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысындағы жүйеге білім беруді жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) ТЖКБ ОӘБ жасаған оқу-әдістемелік құжаттамаларды, оқу әдебиеттері мен оқу-әдістемелік құралдарды енгізеді және таратады;

5) ОӘБ бағыды бойынша іске асатын білім беру бағдарламаларын, ақпараттық және өзге де материалдарды, ОӘБ іске асыру міндетіне жүктелген қажетті ТЖКБ ұйымдарынан сұратады;

6) Колледждердің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарын дамыту бойынша, сондай-ақ оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды зерделеу және әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады;

7) ТЖКБ ұйымдарына оқу үрдісі бойынша кеңестің көмек көрсетед;

8) Озық тәжірибені зерттеуге, таратуға, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге ұсынымдар әзірлеуге, ТЖКБ ұйымдарындағы оқу үрдісін жетілдіру бойынша семинарларға қатысады;

9) Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен оқу аудиовизуалды құралдарын құру үшін авторлар тобын құрады;

10) ОӘБ ережесіне өзгерістер енгізу шешімін қабылдайды және оларды РОӘК жұмыс органына бағыттайды;

11) Жұмыс топтарын құру туралы шешім қабылдайды;

ОӘБ құрамына кіреді:

1) ОӘБ төрайымы;

2) Төрайым орынбасары;

3) Әдіскер;

4) Техник-бағдарламашы;

5) Аудармашы.

ОӘБ төрайымы ТЖКБ ұйымының жетекшісі болып табылады.

8. ОӘБ жұмысы ОӘБ төрайымы бекіткен жұмыс жоспары негізінде іске асырылады және жұмыс жоспары РОӘК жұмыс тобымен бір оқу жылына келісіледі.

9. ОӘБ өз жұмысын ТЖКБ ұйымының барлық өкілдерінің теңдігі, алқалық көшбасшылық, шешімдердің ашықтығы принциптеріне негіздейді.

10. ОӘБ отырысы кварталына бір рет өткізіледі.

11. Тиісті бағыттағы ОӘБ жұмысы РОӘК шешімінің негізінде тоқтатылады.